

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясы Әскери әуе күштерінің бірлестіктері мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік оқ атулар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 21 сәуірдегі N 375 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясы Әскери әуе күштерінің бірлестіктері мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік оқ атулар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы келісімді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

**Қазақстан Республикасының
Заңы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясы Әскери әуе күштерінің бірлестіктері мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік оқ атулар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы келісімді бекіту туралы**

2000 жылғы 29 шілдеде Астана қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясы Әскери әуе күштерінің бірлестіктері мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік оқ атулар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы

**күштері мен Ресей Федерациясының Әскери әуе күштерінің бірлестіктері мен әскери бөлімдеріне
жауынгерлік атыстар өткізу үшін әскери полигондарын өзара беру тәртібі туралы
КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі,

1994 жылғы 28 наурыздағы әскери ынтымақтастық туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметінің арасындағы Шартты б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п ,

Тараптар мемлекеттері қарулы күштерінің әскери-әуе күштері мен әуе шабуылынан қорғаныс әскерлерінің өзара әрекеттерін жетілдіру, жауынгерлік даярлықтарының деңгейлерін арттыру қажеттілігін мойындай отырып, төмендегілер туралы келісім жасасты:

1-бап

Осы Келісімнің мақсаттары үшін төмендегі терминдер мынаны білдіреді:

"Қабылдаушы Тараптың өкілетті органы" - қабылдаушы Тарап мемлекетінің Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р л і г і н ;

"Қабылдайтын Тараптың өкілетті органы" - қабылдайтын Тарап мемлекетінің Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р л і г і н ;

"әскери полигон" (бұдан әрі "полигон") - мемлекет аумағының, оның үстіндегі жауынгерлік атыстармен авиация бөлімдерінің және әуе қорғанысы бөлімдерінің жаттығуларын жүргізуге арналған әуе кеңістігімен жабдықталған учаскесін;

"полигон жабдықтары" - радиолокация, байланыс және уәжді бақылау, қару-жарақты, әскери техниканы, нысанды кешендерді орналастыруға арналған ж а б д ы қ т а р д ы ң к о м а н д а л ы қ п у н к т і н ;

"қару-жарақ және әскери техникалар" - зениттік ракеталық (зениттік артиллериялық) және радиолокациялық кешендерін, басқарудың автоматтандырылған жүйесі, п о л и г о н н ы ң б а й л а н ы с ж а б д ы қ т а р ы н ;

"нысана" - жауынгерлік атыстарды өткізу барысында нақты мақсаттары ретінде полигонда қолданылатын басқарумен және басқарусыз ұшу аппараттарын;

"нұсқаушы құрамы" - қару-жарақ пен әскери техника жөніндегі жауынгерлік атыстардың аға жетекшілігінің, полигонның техникалық жетекшісі және нұсқаушысының міндетін атқарушы, қабылдаушы Тарапы мемлекетінің қарулы

күштерінің жеке құрамын;

"қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері" - қарулы күштерінің құрамалары мен әскери бөлімдері.

2-бап

Қабылдаушы Тараптың өкілетті органы:

Өтініміне сәйкес, қабылдайтын Тараптың өкілетті органына, қабылдайтын Тарап мемлекетінің қарулы күштері әскери бөлімдерінің жауынгерлік атыстарды өткізуі үшін жабдықтарымен, қару-жарағы және әскери техникасымен, нысанасы және нұсқаулық құрамымен полигонды ұсынады;

жауынгерлік атыстарды жүргізу мерзімін қабылдайтын Тараптың өкілетті органына жеткізеді, ал оның өзгеру барысында ол туралы бұрын келісілген мерзімінен 45 тәуліктен кешіктірмей хабардар етеді;

кедендік бажды және тарифсіз шегін реттеуді қолданбай, шекаралық және кедендік бақылауды ұйымдастырады;

қабылдаушы Тараптың қолданысындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, полигонда тиісті құпиялық тәртібін қамтамасыз етеді;

қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері олардың полигонда жауынгерлік атыстарды өткізу барысында қауіпсіздік шараларының орындалуына бақылау жасайды;

қабылдайтын Тараптың өкілетті органының келісімі бойынша полигонда жауынгерлік атыстарды өткізу үшін қажетті радиокедергілер құрылымының және уәжді бақылау жабдықтарының ұсынылуын қамтамасыз етеді;

қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімінің әскери тобына (жауынгерлік топтардан) полигонның жабдықтарын, қару-жарақтарын және әскери техникаларын (жауынгерлік атыстар аяқталғаннан кейін қабылдайды) Тараптардың өкілетті органдарының арасындағы келісімі бойынша береді, сондай-ақ көшіру кезінде ахуалдар пайда болған жағдайда, оларды қалпына келтіру үшін қосалқы бөлшектерді, құралдарды және керек-жарақтарды ұсынады;

қабылдайтын Тараптың өкілетті органының келісім бағдарламасы бойынша нысаналарды дайындауды және жіберуді қамтамасыз етеді;

қабылдайтын Тараптың атынан жауынгерлік атыстардың жетекшісіне, қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдерінің жауынгерлік атыстарды орындауда уәжді бақылау материалдарымен танысу үшін ұсынады.

3-бап

Қабылдайтын Тараптың өкілетті органы:

қабылдаушы Тараптың өкілетті органына полигондарда әскери бөлімдердің

жауынгерлік атыстарын өткізуге өтінімдерді жауынгерлік атыстарды өткізудің өткен жылғы 1 қыркүйегінен кешіктірмей ұсынады; полигонды пайдаланудың тәртібін айқындайтын, қабылдаушы Тараптың нормативтік құжаттарының және заңнамасының талаптарын толық көлемде орындайды ;

қару-жарақпен, әскери техникамен және пайдалану құжаттарымен жұмыс істеуге рұқсат етілген жеке құрамның тізімін ұсынады, сондай-ақ іссапарға жіберілген әскери қызметшілердің полигонда белгіленген тәртіпті шегін орындауларын қамтамасыз етеді;

жауынгерлік пайдалануға арналған қару-жарақ пен әскери техниканы дайындауды жүзеге асырады, жауынгерлік атыстарды өткізеді, полигонда белгіленген талаптар мен нормаларды сақтауларымен әскерлердің өміртіршіліктерін ұйымдастырады; осы Келісімнің 5-ші бабымен белгіленген тәртіпке сәйкес полигонның істен шыққан қару-жарақ пен әскери техникасын қалпына келтіреді; полигонның қару-жарақ пен әскери техникасын дұрыс жағдайда қабылдап алады және өткізеді ;

жауынгерлік атыстарды өткізу туралы актілер құрастыру барысында, ұйым арқылы оларды жүргізуге арналған төлемдерді жүзеге асыратын ұйымның заңды мекен-жайын көрсетеді ;

қабылдаушы Тарапқа полигонда болған кезінде қабылдайтын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің келтірілген материалды зияндарын өтейді. Зияндардың себептері мен көлемдері Тараптардың өкілетті органдарының бірлескен сарапшы топтары жүргізеді және актілермен ресімделеді. Зияндарды өтеу осы Келісімнің 10-11-ші баптарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

4-бап

Жеке құрамы полигонда қауіпсіздік шараларын бұзған қабылдайтын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің бөлімшелері, қабылдаушы Тарап мемлекеті өкілетті органының полигон бастығына ұсынысы бойынша қабылдайтын Тарап өкілетті органының атыстар басшысының шешімімен жауынгерлік атыстарды орындаудан шеттетіледі.

5-бап

Полигонның қару-жарақты және әскери техниканы пайдалану ахуалдарының пайда болу барысында, оларды жоюды жеке өзінің және полигондағы бар қосалқы жабдықтарды, құралдарды және керек-жарақтарды қолдану арқылы қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлігінің жеке құрамы жүргізеді.

Қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімі жеке құрамының кінәсі бойынша

қару-жарақ пен әскери техниканың істен шығуы барысында, оны қалпына келтіру полигонның қосалқы жабдықтарды, құралдарды және керек-жарақтарды қолдану арқылы қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімінің жеке құрамы жүргізеді, бұл орайда полигонның қосалқы жабдықтарына, құралдарына және керек-жарақтарына жұмсалған шығындардың төлемін осы Келісімнің 11-ші бабында көзделген мерзімде қабылдайтын Тараптың өкілетті органы жүргізеді.

6-бап

Тараптардың өкілетті органдарының бірлескен жұмыс тобымен, Полигонда жауынгерлік атыстарды дайындау жөніндегі барлаушылық жұмыстар жүзеге асырылады, бірақ жауынгерлік атыстардың басталуына 45 тәуліктен кешіктірмейді.

7-бап

Қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімінің жауынгерлік тобын полигонға тасымалдау Тараптардың ұлттық заңнамаларында белгілеген тәртіппен сондай-ақ 1992 жылғы 15 мамырдағы әскери тасымалды орындау міндеттері мен тәртібі туралы Келісіміне және 1995 жылғы 20 қаңтардағы мемлекетаралық әскери тасымалды және олар үшін есептесуді ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Келісіміне сәйкес жүргізіледі.

Полигонға әскери бөлімінің жауынгерлік топтарын қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери-көліктік авиациясының ұшақтарымен жеткізу және қайта жеткізу барысында авиациялық тасымалдарды қамтамасыз ету үшін есептесу тәртібі 1994 жылғы 19 қазандағы қабылдауды, әуе айлақтық-техникалық қамтамасыз етуді және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері мен Ресей Федерациясы Қарулы Күштерінің әскери әуеайлақтарындағы әскери әуе кемелерін қорғауды ұйымдастыру туралы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі мен Ресей Федерациясының Қорғаныс министрлігі арасындағы Келісіміне сәйкес айқындалады.

8-бап

Қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері полигонда жауынгерлік атыстарды өзінің қорындағы зениттік артиллериялық жүйесіне арналған авиациялық талқандау жабдықтарымен, зениттік басқару ракеталарымен және оқ-дәрілермен жүргізеді.

Жауынгерлік атыстардан кейін қалған өзінің қорындағы зениттік артиллериялық жүйесіне арналған авиациялық талқандау жабдықтарын, зениттік басқару ракеталарын және оқ-дәрілерін полигонға жеткізу және одан шығаруды қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери эшелондар құрамында немесе әскери көліктік авиациясымен

ж ү р г і з е д і .

Жекеленген жағдайларда, қабылдаушы Тараптың өкілетті органы полигонда бар авиациялық талқандау жабдықтарын, зениттік басқару ракеталарын қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдеріне ұсынуы мүмкін. Бұл жағдайда, қабылдайтын Тараптың өкілетті органы олардың құнын төлейді немесе жауынгерлік атыстарды өткізу туралы актіге қол қойылған күннен бастап үш ай мерзім ішінде полигонға, жұмсалған авиациялық талқандау жабдықтарының және зениттік басқару ракеталарының санын, сол түрлерін және сондай сапалық сипаттағылармен орнын толтырады.

9-бап

Қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдерінің жеке құрамына медициналық қызмет көрсетуді қабылдаушы Тарап мемлекетінің дәрігерлік қызметшілерімен жүзеге асырады.

Шұғыл жағдайларда, полигонда болған қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімінің әскери қызметшілерін госпитализациялауды, қабылдаушы Тарап мемлекетінің өкілетті органының жақын жердегі емдеу мекемесінде жүргізеді. Бұл жағдайларда шығыстарды осы Келісімнің 10-шы бабында белгіленген тәртіппен қабылдаушы Тараптың өкілетті органы егер Тараптардың келісулерінде басқадай көзделмесе төлейді.

10-бап

Қабылдайтын Тараптың өкілетті органы өздерінің әскери бөлімдерімен өткізетін жауынгерлік атыстарды қамтамасыз етумен байланысты шығыстарды қабылдаушы Тараптың өкілетті органына төлейді.

Т ө л е м г е м ы н а л а р ж а т а д ы :

жауынгерлік атыстарды қамтамасыз ету үшін қабылдаушы Тарап мемлекетінің қарулы күштері жеке құрамын және басқа министрліктер мен ведомстволардың (өкіметтің федералды атқарушы органдары) мамандарын тартуға байланысты шығыстар ;

есеп беру және есепке алу қажетті құжаттарын, әдістемелік құралдарын және анықтама әдебиеттерін басып шығаруға байланысты шығыстар;

жауынгерлік атыстарды орындау үшін барысында шығындалған нысаналар; нысаналарды, қару-жарақтарды және әскери техникаларды пайдалануға б а й л а н ы с т ы ш ы ғ ы с т а р ;

жауынгерлік атыстарды орындау үшін қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдеріне берілген авиациялық талқандау жабдықтары, зениттік басқару ракеталары;

авиациялық талқандау жабдықтарын, зениттік басқару ракеталарын жауынгерлік пайдалануға дайындауға байланысты шығыстар;
қабылдау Тарап мемлекетінің әскери бөлімдерін авиациялық тасымалдауды қамтамасыз етуге байланысты шығыстар;
қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдерін азық-түлікпен қамтамасыз ету қ ұ н ы ;
қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдерінің әскери қызметшілерін полигонның қонақ үйлері мен казармаларында тұру құны;
қабылдайтын Тарап мемлекетінің әскери бөлімдері полигонда болған уақытында шығындаған, электроэнергия және судың құны;
жауынгерлік атыстарды өткізуді қамтамасыз ету үшін, сонымен қатар қабылдайтын Тараптан әскери бөлімдері қару-жарағының, әскери техникасы мен автокөлігінің жұмысын қамтамасыз ету үшін полигонда жұмсалған жанар-жағармай м а т е р и а л д а р ы н ы ң қ ұ н ы ;
қабылдайтын Тарап мемлекеті әскери бөлімдерінің әскери қызметшілеріне медициналық қызмет көрсетуге байланысты шығыстар.

Шығындарды өтеу, қабылдайтын Тарап мемлекетінің өкілетті органынан жауынгерлік атыстар басшысы және қабылдаушы Тарап мемлекетінің өкілетті органынан полигон бастығы қол қойған акті негізінде АҚШ долларымен жасалады. Бұл орайда есеп айырысу қабылдаушы Тарап мемлекетінің қолданыстағы бағалары мен тарифтері бойынша АҚШ долларына есептеумен ұлттық валютада қабылдаушы Тарап мемлекетіндегі актіге қол қойылған күнгі курс бойынша жасалады.

11-бап

Жауынгерлік атыстарды өткізу мен оларды қамтамасыз етуге байланысты шығындардың төлемдері қабылдаушы Тараптың өкілетті органы жауынгерлік атыстарды өткізу туралы актіні құру барысында, қабылдаушы Тарап өкілетті органы көрсеткен валюталық шотқа аударатын болады. Және бұл қабылдаушы Тарап өкілетті органының жауынгерлік атыстарды қамтамасыз ету үшін есеп айырысу актісін, есептеу және кеткен шығындарды нақтылайтын басқа да құжаттар қосымшасымен ұсынғаннан кейін 10 күн ішінде жүзеге асырылады.

12-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру барысында келіспеушілік туған жағдайда Тараптар оларды өзара кеңестер мен келіссөздер жолымен шешеді.

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін, оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін және ол осы Келісімнің 13-бабында белгіленген тәртіппен күшіне

е н е д і .

Осы Келісімінің ережелері, Тараптар болып қатысатын басқа халықаралық келіссөздерден шығатын Тараптардың құқықтары мен міндеттеріне нұқсан келтірмейді.

13-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабардар етуі түскен күннен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалды және Келісім Тараптардың біреуі осы Келісімнің қолдануын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапты тиісті кезеңі бітуіне дейінгі алты ай ішінде жазбаша хабардар етпесе әрбір рет бір жылға созылады.

2000 жылғы 29 шілдеде Астана қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдеріндегі екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Келісімнің ережелерін талқылағанда келіспеушіліктің пайда болған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінеді.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Ресей Федерациясының

Үкіметі үшін